

**«КОНФЕССИЯРАЛЫҚ ЖӘНЕ ӨРКЕНИЕТАРАЛЫҚ ДИАЛОГТЫ
ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ Н. НАЗАРБАЕВ ОРТАЛЫҒЫ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫНЫҢ ЖАРИЯЛАНҒАН
АКЦИЯЛАРЫН ШЫҒАРУ ПРОСПЕКТІСІ**

**(қысқартылған атауы - «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты
даму жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ)**

Жарияланған акцияларды шығаруды Уәкілетті органның жарияланған акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуі инвесторларға проспектіде сипатталған акцияларды иеленуге қатысты қандай да бір ұсыныстарды беруді білдірмейді және осы құжаттағы ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Акционерлік қоғамның лауазымды тұлғалары осы проспектіде берілген бүкіл ақпараттың дәйекті және акционерлік қоғам мен оның орналастырылатын акцияларына қатысты инвесторларды жаңылыстырмайтын болып табылатынын растайды.

Акционерлік қоғам акциялар айналысы кезеңінде Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржылық есептілік депозитарийінің интернет-ресурсында бағалы қағаздар рыногындағы ақпаратты жариялауды қамтамасыз етеді.

1-тарау. Қоғамдық атауы мен орналасқан орны туралы жалпы мағлұмат

1. Құрылтайшылық құжаттарға сәйкес қоғам туралы ақпарат:

1) қоғамды бастапқы мемлекеттік тіркеу күні: **2019 жылғы 23 мамыр.**

2) қоғамды мемлекеттік қайта тіркеу күні (қайта тіркеу жүргізілген жағдайда):
«Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ мемлекеттік қайта тіркеу жүргізілген жоқ.

3) қоғамның қазақ, орыс және ағылшын (егер болса) тілдеріндегі толық және қысқартылған атауы:

Қазақ тілінде:	Толық атауы: «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы. Қысқартылған атауы: КЕАҚ «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы»
Орыс тілінде:	Толық атауы: некоммерческое акционерное общество «Центр Н.Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога». Қысқартылған атауы: НАО «Центр Н.Назарбаева по развитию межконфессионального и межкультурного диалога»
Ағылшын тілінде:	Толық атауы: Non-profit Joint Stock Company «N. Nazarbayev center for development of interfaith and inter-civilization dialogue» Қысқартылған атауы: NP JSC «N. Nazarbayev center for development of interfaith and inter-civilization dialogue»

4) қоғамның атауы өзгертілген жағдайда оның барлық бұрынғы толық және қысқартылған атаулары, сондай-ақ олар өзгертілген күндер көрсетіледі: **қоғамның атауы өзгертілген жоқ.**

5) егер қоғам заңды тұлғаны (заңды тұлғаларды) қайта құру нәтижесінде құрылған болса, онда қайта құрылған заңды тұлғаларға және (немесе) қоғамға қатысты құқықтық мирасқорлық туралы мәліметтер көрсетіледі: қоғамның бизнес-сәйкестендіру нөмірі: BCH 190540023905

6) ISO 17442 "Financial services - Legal Entity Identifier" (LEI) халықаралық стандартына сәйкес Legal Entity Identifier коды (егер болса): **қоғамда код жоқ.**

2. Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес қоғамның орналасқан орны, байланыс телефондарының нөмірлері және электрондық поштасының мекен-жайы, сондай-ақ қоғамның нақты мекен-жайы заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамада көрсетілген қоғамның орналасқан мекен-жайынан өзгеше болған жағдайда нақты мекен-жайлары көрсетілуі тиіс:

Қоғамның орналасқан жері	Қазақстан Республикасы, Z01D1Y0, Нұр-Сұлтан қаласы, Алматы ш.а., Тәуелсіздік даңғылы, 57 үй
Байланыс телефондарының нөмірлері	Тел: +7-7172-26-60-11 Тел: +7-7172-26-60-03 Ұялы тел: +7-777-881-17-80
Электрондық поштаның мекенжайы	info@nnort.org

2-тарау. Акциялар туралы, оларды төлеу тәсілдері әдістері туралы және олар бойынша табыс алу туралы мәліметтер.

3. Жарияланған акциялар шығыру туралы мәліметтер:

1) жарияланған акциялардың саны, түрлері: **703 867 (жеті жүз үш мың сегіз жүз алпыс жеті) дана карапайым акциялар.**

2) құрылтайшылар төлейтін акциялардың саны, түрлері: **126 250 (бір жүз жиырма алты мың екі жүз елу) дана карапайым акциялар.**

3) құрылтайшылар төлейтін бір акцияның номиналды құны: **1 000 (бір мың) теңге.**

4) артықшылық берілген акциялар бойынша лпвндендтің кепілді мөлшері: **артықшылық**

берілген акциялар жок.

4. Акцияларды төлеу:

Акцияларды төлеу әдістері:

■ ақшамен (құрылтайшылардың (инвесторлардың) акцияларды төлегенін растайтын төлем құжатының (құжаттарының) деректемелерін, төлем сомасын және төлеушінің атауы көрсетілсін):

акциялар ақшамен төленді:

төлем құжаты: 2019 жылдың 12 маусымдағы № 2090001/19-707,

төлем молшері: 126 250 000-00 теңге.

төлем жасаушысының атауы: ММ Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі.

■ бағалы қағазбен (бағалы қағаздың эмитентінің атауы, халықаралық сәйкестендіру коды (ISIN коды) және бағалы қағаздардың саны, бағалаушының атауы, бағалау туралы есепқұрастылған күн, бағалау сомасы (нарықтық баға болмаған жағдайда) мәміле тіркелген күн көрсетілсін):

акциялар бағалы қағаздармен төленген жок:

■ мүліктік құқықтармен (қоғамның ақшалай міндеттемелерін Қоғам орналастырған акцияларды төлеу үшін өтеу туралы тиісті орган шешім қабылдаған күн, және осы шешімді қабылдаған Қоғамның органы, Қоғамның ақша қаражаттарын салыстыру актісінің деректемелері, бағалаушының атауы, бағалау туралы есепті құрастыру күні. бағалау сомасы, мүлікті қабылдау-тапсыру актінің күні көрсетілсін): **акциялар мүліктік құқықтармен төленген жок.**

- өзге мүлікпен (бағалаушының атауы, бағалау туралы есеп құрастырылған күн, мүлікті бағалау сомасы, мүлікті қабылдау-тапсыру актінің күні көрсетілсін):

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасының заңдарына және «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 25 сәуірдегі №226 қаулысы және «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру туралы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекелендіру комитетінің 2019 жылғы 16 мамырдағы № 490 бұйрығына сәйкес «Конфессияаралық және өркениетаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамның жарғылық капиталында мемлекеттің жүз пайыздық қатысуымен құру шешілді.

3-тарау. Акцияларды орналастыру шарттары мен тәртібі

5. Акцияларды орналастыру және пайдалану:

1) акциялардың орналастыру және пайдалану жоспарланудың нарық (бағалы қағаздардың заңдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы): **ұйымдастырылмаған нарық.**

2) акциялар ұйымдастырылмаған нарықты орналастырылған жағдайда акцияларды орналастыру әдісі көрсетіледі: **жазылу.**

3) қоғам акцияларды бағалы қағаздардың ұйымдастырылмаған нарығында сатып алған кезде акциялардың құнын анықтау әдістеремесін құрылтайшылық жиналыс бекіткен күн: **2019 жылғы 16 мамыр;**

4) акционерлік инвестициялық қор қосымша көрсетіледі: **қоғам акционерлік инвестициялық қор болып табылмайды.**

4-тарау. Қоғамның орналастырылған (акционерлік қоғам сатып алған акцияларды ескермегенде) акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) он және одан артық пайызын иеленетін құрылтайшылар немесе ірі акционерлер (қатысушылар) туралы мәліметтер

6. Жаңадан құрылған қоғамдар үшін, сонымен қатар қайта құру арқылы құрылған қоғамдар үшін, сондай-ақ жарияланған акциялары шығаруда мемлекеттік тіркеу сот шешімі

бойынша шынай емес деп мойындалған қоғамдар үшін қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он немесе одан артық пайыздарын иеленетін құрылтайшылар (қатысушылар) туралы мәліметтер, соның ішінде мынадай мәліметтер көрсетіледі:

1) жеке тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) тегі, аты, әкесінің аты (егер болса) және (немесе) заңды тұлғалардың құрылтайшыларының (қатысушыларының) толық атауы, орналасқан мекен-жайы:

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ құрылтайшысы болып Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің тұлғасындағы Қазақстан Республикасының Үкіметі табылады. (орналасқан мекен- жайы: Қазақстан Республикасы, Нұр- Сұлтан қаласы, Жәніс данғылы, 11 үй):

2) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан артық пайыздарын иеленетін құрылтайшылар (қатысушылар) алдын-ала төлеген акциялардың саны мен түрі (түрлері);

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ құрылтайшысы 126 250 (бір жүз жиырма алты мың екі жүз елу) дана карапайым акцияны алдын ала төледі.

3) құрылтайшылар (қатысушылар) қоғамның жарғылық капиталына қатысу үлестерінің он және одан артық пайыздарын иелене болған күні:

төлем құжаты: 2019 жылдың 12 маусымдағы № 2090001/19-707.

5 - тарау. Қоғамның негізгі қызмет түрлерін көрсету арқылы қоғамның қаржылық-экономикалық және шаруашылық қызметінің көрсеткіштері

7. Қоғам қызметінің түрлері:

1) **«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ негізгі қызмет түрлері Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының халықаралық деңгейде дінаралық және өркениетаралық үнқатысуды сақтау және қамтамасыз ету; Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін насихаттау жөніндегі бастамаларын көтермелеу.**

2) маусымдық сипаттағы қызмет түрлерін және олардың қоғамның жалпы табысындағы үлесін көрсете отырып, қоғам қызметі түрлерінің қысқаша сипаттамасы:

- **Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезінің жұмысын ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ отандық және шетелдік діни бірлестіктермен және олардың рухани көшбасшыларымен тұрақты негізде өзара іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету; Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлері съездерінің бастамаларын насихаттау; оның ұйымдастырушылық қызметін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;**

- **дін саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына жәрдемдесу және барлық деңгейдегі ақпараттық - түсіндіру топтарының қызметіне қатысу;**

- **БҰҰ, халықаралық және аймақтық құрылымдармен (ұйымдармен, қорлармен, орталықтармен және т.б.) өзара іс-қимыл жасау, оларда ресми тіркелу, Орталықтың жарғылық мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес келетін мәселелер бойынша келісімдер, шарттар және ынтымақтастық меморандумдарын жасасу, діни және өркениеттік құндылықтар мәселелер бойынша, халықаралық, республикалық және аймақтық конференцияларды, дөңгелек үстелдерді, форумдарды, семинарларды Қазақстанда және шет елдерде іс-шаралар ұйымдастыру, дайындау және қатысу;**

- **көрмелер мен мұражай экспозицияларын ұйымдастыру және өткізу, экспонаттарды жан-жақты жинау, жүйелеу, сақтау және танымал ету;**

- **жастар ұйымдарымен және өзге де ұйымдармен өзара конфессияаралық және ұлтаралық келісімді және бірлікті нығайтуға бағытталған іс-әрекеттерге жәрдемдесу;**

- **әлемдегі діни ахуалдың жай-күйі мен динамикасын талдау, Ел басшылығына тиісті ұсыныстармен аналитикалық және ақпараттық материалдар дайындау;**

- **дінтанулық сараптама жүргізуді қамтамасыз ету: құрылтайшылық және діни мазмұндағы өзге де құжаттар; діни әдебиеттер; рухани (діни) білім беру бағдарламалары;**

діни ақпараттық материалдар; діни мақсаттарға арналған заттар; діни-экстремистік мазмұнды анықтау мақсатында отандық және шетелдік электрондық және баспа басылымдарының діни бағыттағы материалдары/контенті; азаматтық және әкімшілік іс жүргізу материалдары; діни мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу және оқу-әдістемелік құралдар;

- әлеуметтік зерттеулерді ұйымдастыру және жүргізу: мемлекет пен қоғамның зайырлылық жағдайы мен дамуы; мемлекеттік-дінаралық қатынастардың қалыптасуы; діни саладағы заңнама мәселелерін зерттеу; дін саласындағы заңнама мәселелерін зерттеу; діни радикализм шарттарын зерттеу, оларға қарсы тұру және алдын-алу шараларын қалыптастыру, діни ахуалды талдау және болжау.

- шетелдік бұқаралық ақпарат құралдарында діни тақырыптар бойынша материалдарға мониторинг жүргізу.

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ алғаш құрылғандықтан бұл қызмет түрлері маусымдық сипатқа жатпайды, қоғамның жалпы табысындағы үлесін көрсету мүмкін емес.

3) қоғамның бәсекелестері болып табылатын ұйымдар туралы мәліметтер:

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ негізгі қызмет түрлері бойынша тікелей бәсекелестері жоқ.

4) қоғам қызметінің негізгі түрлері бойынша сату (жұмыс, қызмет) табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар:

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» коммерциялық емес қоғам болғандықтан және табыстылық мақсатына ұмтылмайтынын ескере отырып, табыстылығына оң және теріс әсер ететін факторлар жоқ.

5) қоғамның қызметіне әсер ететін басқа тәуекел факторлар:

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ қызметіне әсер ететін басқа тәуекел факторлары жоқ.

8. Акционерлік инвестициялық қорлар болып табылатын қоғамдардың қызметі туралы мәліметтер:

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ акционерлік инвестициялық қор болып табылмайды.

9. Қоғам орналастыратын акцияларды сатып алуға байланысты кауіптер:

1) . Салалық кауіптер:

Қоғам саласындағы ахуалдың оның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына ықтимал нашарлауының әсері

Қоғам қызметіндегі салалық кауіптер ішкі нарыққа көбінесе үкімет трансферттерінің азайуы және сол сегменттерде әрекет ететін жаңа ірі жобалардың нарыққа агрессивті түрде шыққан жағдайда бәсекелестіктің шиеленісуі кауіпімен байланысты болады.

Жақын арада салада жағдайдың нашарлауы қоғамның бастапқы қалыптасуына байланысты күтілмейді.

Қоғам өз қызметінде (ішкі және сыртқы нарықтарда жеке алғанда) пайдаланатын шикізатқа, қызметтерге бағаның ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдер және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындалуына әсері

«Конфессияаралық және өркеннестаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ негізгі қызметі:

- Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті - Елбасының халықаралық деңгейде дінаралық және өркениетаралық үнқатысуды сақтау және қамтамасыз ету, сондай-ақ Әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезін насихаттау жөніндегі бастамаларын ілгерілету (концептуалды-мазмұнды ресурстар, зерттеу және сараптау ресурстары, материалдық- техникалық ресурстар, әкімшілік ұйымдастыру ресурстары);

- персонал (еңбек ресурстары);

- қаржы (қаржылық ресурстар).

Қызметтер бағасының өзгеруі талап етілетін қызмет көрсетудің көлемі мен ұзақтылығына байланысты қоғам қызметіне әсер етуі мүмкін. Қызметтер бағасының ықтимал өзгеруіне байланысты тәуекелдерді қоғам бюджетті жоспарлау, қызметтерді

қоғамға қажетті ұйымдармен орта мерзімді және ұзақ мерзімді шаралар жасау жолымен невелирлейді.

Қоғамның өніміне және (немесе) қызметтеріне (ішкі және сыртқы нарықтарды жеке алғанда) бағалардың ықтимал өзгеруіне байланысты қауіптер жәте олардың қоғамның қызметіне және оның бағалы қағаздар бойынша міндеттемелерін орындауына әсері

Қазақстандық заңнамада қоғамның негізгі қызмет түрлерінің бағасына қатысты талаптар қарастырылмаған. Сыртқы нарықта да осыған ұқсас жағдай - халықаралық заңнамамен қоғамның негізгі қызмет түрлерінің бағасына қатысты талаптар қарастырылмаған. Осылайша, олармен байланысты қауіптер оның қызметіне және бағалы қағаздар бойынша міндеттемелердің орындалуына елеуді әсер ете алмайды.

2) . Қаржы тәуекелі:

Пайыздық ставкалардың, шетел валюталарын айырбастау бағамының, сондай-ақ бағалы қағаздармен туынды қаржы құралдарына нарықтық бағалардың қолайсыз өзгеруіне байланысты қоғамның қаржылық жағдайының тәуекелдерге ұшырауы

Пайыздық мөлшерлемелердің өсуі және шетел валютасының айырбас бағамдарының өсуі компанияның кірісіне кері әсерін тигізуі мүмкін.

Көрсетілген қаржылық тәуекелдердің әсері нәтижесінде өзгеріске неғұрлым бейім қоғамның қаржылық есептілік көрсеткіштері, олардың туындау ықтималдығы және есептіліктегі өзгерістердің сипаты

Аталған қаржы тәуекелдерінің ықпалдарының нәтижесінде теріс салдар көрсеткіші өте аз.

3) . Құқықлық тәуекел:

Қазақстан Республикасының валюталық, салалық, кеден заңдарының өзгеруі салдарынан қоғамда шығындардың туындау тәуекелі

Валюталық заңнаманың өзгеруі салдарынан теріс салдардың болуы мүмкін, өйткені тенге бағамының күрт өсуі жағдайында, қоғамның халықаралық сегментіндегі жұмыс түрлері мен формаларын төмендетуге болады.

Салық, сондай-ақ зейнетақы заңнамаларындағы өзгерістер жалақы қоры бойынша міндетті аудырымдардың ұлғаюын тудыруы мүмкін, демек (барлық шегерімнен кейін төленетін таза жалақы сақталған жағдайда) қоғам қызметінің табыстылық деңгейінің төмендеуіне себеп болуы мүмкін.

Қоғамның негізгі қызметтерін лицензиялау бойынша талаптардың өзгеруі салдарынан қоғамда шығындардың туындау тәуекелі

Қоғам жұмыс істеу лицензиясын талап етпейтін қызметті жүзеге асырады. Сонымен бірге, қоғам басқа да негізгі қызметті лицензиялау қажеттілігі і бар талаптарды орындауда елеулі қиындықтарды қарастырмайды.

Қоғамның Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасының талаптарын және жасалған шарттардың талаптарын сақтамауы салдарынан қоғамда шығындардың туындау тәуекелі

Қазақстандық сегментте алғаш рет құрылған бірегей қоғам Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес шарттық міндеттемелерді тиісті түрде орындауға ниетті.

Қызметті жүзеге асыру кезінде жол берілетін құқықтық қатерлердің салдарынан (дұрыс емес заң консультацияларын алу немесе қужаттарды дұрыс жасамау, оның ішінде сот органдарында даулы мәселелерді қарау кезінде) шығын тәуекелдердің пайда болуы

Қоғамның қызметінде мемлекеттік сатып алулар саласында сот процесі мен талап ету мүмкіндігі бар. Бұдан басқа, Қоғам мемлекеттік сатып алу ісінде талапкер болып табылады.

4) . Іскерлік беделін жоғалту тәуекелі (бедел тәуекелі):

Алғаш рет құрылғалы тұрған қоғам оң имиджді қалыптастыруға және қолдауға үлкеп ккніл бөледі.

5) . Стратегиялық тәуекел:

Қоғамның қызметі мен даму стратегиясын (стратегиялық басқару) айқындайтын және қоғам қызметіне қауіп төндіру мумкін ықтимал қауіптерді есенке алмағанда немесе есепте жеткілікіз

көрінген, қоғам бәсекелестер алдында артықшылыққа қол жеткізе алатын қызметтің перспективалық бағыттарын дұрыс емес немесе жеткіліксіз негізді анықтаудың, қажетті ресурстардың (қаржылық, материалдық-техникалық және басқа) болмауы немесе толық төлемде қамтамасыз етуден туындайтын қателердің (кемшіліктердің) нәтижесінде қоғамда шығындардың туындау тәуекелі, қоғам қызметінің стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге тиіс кадрлық) және ұйымдастырушылық шаралары (басқарушылық шешімдер)

Шешім қабылдау кезіндегі және де тармақ сипаттамасында көрсетілген өзге де қателіктердің нәтижесінде шығындардың пайда болуы тәуекелі аз.

Алайда стратегиялық тәуекел бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ жоспарлар мен стратегиялардың орындалуына мониторинг жүргізу жолымен басқарылады, оның нәтижелері бойынша түзету шаралары (оның ішінде ішкі және сыртқы ортада өзгерістердің алдын алу үшін) қабылданады.

Осылайша қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар мен стратегиялардың болуы осы тәуекелдердің алдын алу мүмкіндігін береді.

б) . Қоғам қызметі мен байланысты тәуекелдер - қоғамға ғана тән немесе қоғам жүзеге асыратын қызметтің негізгі түрімен байланысты тәуекелдер, оның ішінде қоғам қызметіне байланысты тәуекелдер сипатталады:

- қоғам қызметтің белгілі бір түрін жүзеге немесе айналыста болуы шектелген объектілерді (табиғи ресурстарды қоса алғанда) пайдалануға арналған лицензияны қолданылуын ұзарту мүмкіндігінің болмауы

Жоғарыда көрсетілгендей, қоғам жұмыс жасау лицензияның болуын талап етпейтін қызметті жүзеге асырады. Қоғам лицензиялық талаптарды, сондай-ақ қызметтің өзге де негізгі түрлерін лицензиялаудың ықтимал қажеттілігімен байланысты талаптарды орындау бойынша елеулі қиындықтарды болжамайды.

- қоғамның үшінші тұлғалардың, оның ішінде қоғамның еншілес қоғамдарының қарыздары бойынша ықтимал жауапкершілігі

Қоғамда еншілес ұйымдар, сондай-ақ міндеттемелері бойынша қоғам жауап беретін үшінші тұлғалар жоқ. Сонымен қатар, қоғамның филиалдары және еншілес ұйымдары жоқ. Қоғам үшінші тұлғалар алдындағы міндеттемелерді орындаған жағдайда жеткілікті дәрежеде активтерге ие.

- қоғам өнімдерін (жұмыстарын, қызметтерін) сатудан түскен жалпы түсімнің көлемінде 10 (он) пайызды айналымға түсетін тұтынушыларды жоғалту мүмкіндігі

Қоғамның қаржылық жағдайына әсер ететін маңызды көрсеткіштері мемлекеттік қыржыландыру болып табылады. Осы көрсеткіштер азайған кезде тиісіше қоғамның пайдасы азаяды.

Болашақта қоғаммен келісім жасамау қаупі барынша аз, себебі әлемдік деңгейдегі ұйымның бірегейлігі мен ерекшелігі қоғамның бәсекелестік артықшылығы болады.

7) . Елдік тәуекел:

Экономикалық, саяси, әлеуметтік өзгерістерге байланысты міндеттемелерді шетелдік контрагенттерінің (заңды, жеке тұлғалардың) орындамауы нәтижесінде, сондай-ақ ақшай міндеттеме валютасы контрагентке оның резиденттік елі заңнамасының ерекшеліктеріне байланысты (контрагенттің өзінің қаржылық жағдайына қарамастан) қол жетімсіз болуы салдарынан пайда болу тәуекелі

Қоғамның шетелдік мердігерлері Қазақстан Республикасының резиденттері емес болып табылатын шетелдік заңды тұлғалар (олардың филиалдары мен өкілдіктері) болып табылады. Қызметтер алдын-ала келісімшарт жасау шарттарымен, сондай-ақ келісімшарт талаптарынан кейін шығындардың орнын толтыру контрагентпен орындалатындығын ескере отырып, осы контрагенттердің міндеттемелерін орындамау нәтижесінде шығындардың пайда болу қаупі жоқ.

8) . Операциялық тәуекел:

Қоғам қызметкерлері тарапынан жіберілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысында кемшіліктер немесе қателер нәтижесінде, ақпараттық жүйелер мен технологиялардың тиісінше жұмыс істеуінен, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығыстардың (шығындардың) туындау тәуекелі

Қоғам қызметінде операциялық тәуекел бар. Бұл ретте қоғамның қайта ұйымастырылуын және тиісініше қоғам қызметкерлерінің қосымша жауапкершілігін жүктей отырып, құрылымды бекітуді және олардың қызметіне бақылауды күшейтуді ескере отырып, осы тәуекелдің уақытша дәрежесі орташадан төмен деп болжанады.

6 - тарау. Қоғам туралы және орналастыралтын эмиссиялық бағалы қағаздар туралы қосымша мәліметтер

10. Қоғамның төлеу агенті туралы мәліметтер (бар болса):

1) төлем агентінің толық атауы:

«Конфессияаралық және өркеннстаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ төлем агенті жоқ.

2) орналасқан жері, байланыс телефондарының номері, электрондық поштасының мекен-жайы (бар болса):

«Конфессияаралық және өркеннстаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ төлем агенті жоқ.

3) қоғамның төлеу агентімен жасалған шартының күні мен нөмірі.

«Конфессияаралық және өркеннстаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ төлем агенті жоқ.

11. Қоғамның консультанттары туралы мәліметтер (егор болса қағаздар нарығы туралы заңға сәйкес эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша консультациялық қызметтер көрсету жөніндегі шарт жасасу жөніндегі міндет белгіленген жағдайда):

«Конфессияаралық және өркеннстаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ эмиссиялық бағалы қағаздарды қор биржасының ресми тізіміне енгізу және онда болу мәселелері бойынша қызметтер көрсететін консультанттар жоқ.

12. «Конфессияаралық және өркеннстаралық диалогты дамыту жөніндегі Н.Назарбаев орталығы» КЕАҚ акцияларын ұстаушылардың тізілімдер жүйесін жүргізу бойынша қызмет көрсету туралы орталық депозитариймен жасалған шарттың күні мен номері: **2019 жылғы 13 маусым, № 2479**

Төрағаның Орынбасары

Асанова Ж.